

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: *Нарықтық сұранысты және жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, заманауи технологияларды қолдана алатын, халықтың бос уақытын ұйымдастыру саласындағы шығармашылық және ғылыми қызметті жүзеге асыру үшін іргелі білімдерге ие Қазақстан Республикасының қызмет саласында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.*

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгеретін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Тынығу қызметі республикада сұранысқа ие және осы біліктілікті алғысы келетіндер жыл сайын артып келеді. Осы бағытта оқитын студенттер арасында көпшілігі жақсы вокалды және көркемдік қабілеттерге ие. Бұл студенттер ұйымдастырушылық құзыреттіліктерден басқа, әншілік қабілеттерін дамытып, Вокалдық өнер саласындағы кәсіби дайындықтың ресми растауын алғысы келеді. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін материалдық және педагогикалық ресурстарға ие. Осыған байланысты білім беру бағдарламасы практикаға бағытталған және вокал, музыкалық және эстрадалық іс-әрекеттің практикалық дағдыларын беруге арналған көптеген элективті пәндерді қамтиды. Бағдарлама қазіргі заманның талаптарын қанағаттандыруға бағытталған және бос уақыт саласындағы инновациялық жетістіктерді және шет елдердің тәжірибесін ашатын пәндерден тұрады.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
----------------------	--

	М.Өтемісов атындағы БҚУ М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	Тынығу менеджері

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Санкт-Петербург мемлекеттік мәдениет институты-40%;
Пермь мемлекеттік мәдениет институты-38%.

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

Мектептерде және мектептен тыс мекемелерде, мәдениет үйлерінде және өнер мектептерінде тәрбие жұмысы бойынша концерттік іс-шаралар мен мерекелік іс-шараларды ұйымдастырушы

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

1 кәсіби құзыреттілік саласы

КҚ 1. Орындаушылық дағдыларды меңгерген: эстрадалық ән айту, музыкалық аспап, актерлік шеберлік және сахналық пластика.

2 кәсіби құзыреттілік саласы

КҚ 2. Мәдениет саласындағы менеджмент және маркетинг негіздерін, тынығу тарихын, драматургия негіздерін біледі және шығармашылық ұжыммен жұмыс істей алады.

3 кәсіби құзыреттілік саласы

КҚ 3. Режиссерлік қызмет және мәдени-бұқаралық іс-шаралардың қойылымдық-ұйымдастырушылық жұмысы дағдыларына ие.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН 2 Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

ОН 3 Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

ОН 4 Кәсіби қызмет пен өз елінің азаматы мен патриоты болуы үшін адалдық, шынайылық, еңбекқорлық және парасаттылық сияқты қасиеттерге ие болады.

ОН 5 Кәсіби қызмет үшін қауіпсіз және тиімді цифрлық құралдар мен технологияларды пайдаланады. IT-индустрияның соңғы жетістіктерін және кәсіби қызметтегі техникалық прогресті қолданады.

ОН 6 Өнер тарихын, тынығу тарихы мен теориясын, технологиясын және көркем шығармашылықты біледі. Кәсіби қызметте практикалық дағдылар мен пәнаралық байланыстардың синтезін жүзеге асырады. Жеке және кәсіби өсу үшін жаңа білімге, зерттеулерге ашық.

ОН 7 Драматургия және сахна өнері заңдары негізінде ұжымда шығармашылық белсенділікті дамытудың креативті әдістерін (көркемдік, музыкалық) техникалық құралдар

мен сахналық жабдықтарды пайдалана отырып, режиссерлік шеберлік дағдыларын меңгерген.

ОН 8 Мәдениет және өнер мекемелерінде мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыра алады, балалармен жұмыс жасауда коммуникативті және креативті қасиеттерге ие, өнерге деген оң көзқарасты тәрбиелейді және бойына сіңіреді.

ОН 9 Шығармашылық ұжымда инклюзивті орта мен эмоционалды тұрақты атмосфера құра алады, қоғамның мәдениетін, эстетикасы мен рухани құндылықтарын тәрбиелеу мен дамытудағы бос уақыт индустриясының рөлін түсінеді.

ОН 10 Мәдени-тынығу іс-шараларын ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін маркетинг және менеджмент әдістері мен құралдарын қолданудың жан-жақты дағдыларын меңгерген. Ұлттық және әлемдік тәжірибені салыстыру негізінде демалыс индустриясының даму жағдайын зерттейді.

ОН 11 Ұйымдастырушылық-шығармашылық, ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыруда сыни және аналитикалық ойлауы бар, пәндік салада, оның ішінде шет тілінде академиялық жазу және зерттеу нәтижелерін таныстыру дағдыларын меңгерген.

ОН12 Бос уақыт басшысының кәсіби қызметін сапалы және бәсекеге қабілетті ұйымдастыру міндеттерін шешу үшін жеке және кәсіби дамуды бағалауды жүзеге асырады.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
ТА1		+		+		+				+		
ТА 2				+				+	+			
ТА 3	+				+		+		+			
ТА 4		+	+			+	+	+			+	+
ТА 5	+			+						+	+	+
ТА 6	+			+					+	+		

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары.

2) Мәдениет және өнер саласындағы салалық біліктілік шеңбері, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиясының 2016 жылғы 25 тамыздағы № 3 хаттамасымен бекітілген.

3) «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының міндетін атқарушының 2022 жылғы 6 желтоқсандағы №224 бұйрығына № 30 қосымша. Кәсіби стандарт: «Демалыс және бос уақытты ұйымдастыру»

4) 2024 жыл 14 мамыр №10 хаттамасында Хореография және Арт-менеджмент кафедрасы, 6В11102-Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы жұмыс берушілермен талқыланды.